

Көлкент ауылының шегін өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихат сессиясының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 17-110/V шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 2 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2013 жылғы 22 мамырда № 2288 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 5 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес, Сайрам ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және а у д а н д ы қ м ә с л и х а т **Ш Е Ш Т І :**

1. Сайрам ауданы Көлкент ауыл округіне қарасты Көлкент ауылының әкімшілік шекарасына ауданның арнайы жер қорынан жалпы көлемі 10,0 гектар жер қосылып, Көлкент ауылының шегі өзгертілсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*С ай р а м а у д а н ы ә к і м і н ің
міндетін уақытша атқарушы С. Сапарбаев*

Сессия төрағасы М. Сиддиков

Сайрам аудандық мәслихатының хатшысы К. Орашов